Жаксыбайкөл негізгі мектебінің "Шабыт" шығармашылық жобасы бойынша

2024–2025 оку жылына арналған жылдық талдау есебі

Жобаның мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, патриоттық рухты калыптастыру және өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

Оқушыларды өнерге баулу, дарынды балаларды анықтау; Театр, поэзия, қолөнер, бейнелеу өнері, музыка бағыттарында үйірмелер ұйымдастыру; Мектепішілік, аудандық, облыстық байкауларға қатысуға жағдай жасау.

Шығармашылық- адамның ішкі жан дүниесінің, ой -санасы мен қиялының жемісі. Ол- шексіз мүмкіндікке, тың идеяларға жол ашатын күш. Бұл жоба -оқушылардың көркемдік әлеміне, шығармашылықтарын дамытуға арналған жоба. Мектебімізде ай сайын Шабыт шығармашылық жобасы бойынша іс шаралар өтіп, оқушылар белсене араласты.

Қыркүйек айында «Шабыт» шығармашылық жобасының іс шаралар жоспары құрылды.

Қазан айында 1-4 сыныптар арасында «Ертегілер ғажайып алаңы » ертегі қойылды.Іс-шара мақсаты – оқушылардың қиялын дамыту және ауыз әдебиетіне қызығушылығын арттыру.Іс-шара барысында казақ халық ертегілері бойынша сахналық қойылымдар ұйымдастырылып, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сомдауға жағдай жасалды. Бұл жұмыс оқушылардың сахнада өзін-өзі ұстау, ойды еркін жеткізу және актерлік қабілетін дамытуға әсер етті.

Желтоқсан айында "Тәуелсізбін – жар саламын әлемге!" атты 8-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел болып өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналды. Поэзия кешінде оқушылар өз шығармаларын оқып, патриоттық әндер орындады. Аталған іс-шарада 10 оқушы өлең оқуға, 5 оқушы ән айтуға қатысып, мектепшілік марапаттарға ие болды.

Қантар айында 5-9 сыныптар ұйымдастыруымен "Мектеп театры" атты қойылымдар қойылды.Оқушылардың театрлық өнерге қызығушылығын арттыру мақсатында мектепішілік қойылым ұйымдастырылды. Қазақ әдебиетінің үзінділерін сахналау арқылы балалар өзара ынтымақтастықта жұмыс істеп, сахналық сөйлеу шеберлігін дамытты.





Наурыз айында "Ананың аялы алақаны" атты 1-9 сыныптар арасында челлендж ұйымдастырылды. Аналар мерекесіне арналған кеште оқушылар ана тақырыбында өлеңдер оқып, әндер орындады. 10 оқушы белсене атсалысты. Аталған іс-шара тәрбиелік мәнімен ерекшеленіп, оқушылардың отбасылық құндылықтарға деген құрметін арттырды.





Сәуір айында "Ұлттық мәдениет көрмесі" атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылар белсене араласып, үздік оқушылар марапатталды. Мақсаты – оқушыларды ұлттық дәстүрлермен, қолөнермен таныстыру. Көрмеде 6 оқушы өз қолымен жасаған бұйымдарын таныстырып, ұлттық киім үлгілері мен тағамдар ұсынылды. Оқушылар тарихи мұраларға қызығушылық танытып, шығармашылық ізденіске түсті.Мамыр айында "Әншуақ" фестивалі ұйымдастырылып, оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Фестивальге 10 оқушы қатысып, қазақ, халық және заманауи әндерді орындады. Оқушылар вокалдық қабілеттерін шыңдап, сахнада өнер көрсету дағдыларын жетілдірді.

Сонымен бірге "Жас сарбаз" әскери-патриоттық әндер фестивалі өткізілді. Патриоттық әндер арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. 12 оқушы әскери тақырыптағы әндер айтып, батырлар туралы көріністер қойды. 2024–2025 оқу жылында "Шабыт" жобасы табысты жүзеге асырылып, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық рух пен мәдениетке деген құрметін арттыруға оң ықпал етті. Барлық 18 оқушы жобаның әртүрлі іс-шараларына белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

Келесі оқу жылына жобаның бағыттарын кеңейту, аудандық деңгейдегі байқауларға жиі қатысу және жаңа шығармашылық үйірмелер ашу жоспарланып отыр.

Жоба жетекшісі: Б.Б Жайлыбаева